да детям нужна родительская помощь и держка.

Всегда улыбчивая и приветливая, ров- в общении, пользующаяся любовью

ностные качества преподавателя. Наш ку- ратор – добрый, отзывчивый, внимательный человек. Дети всегда тянутся к ней.

оформлению класса, порядком в нём, обращает внимание на внешний вид детей, учит их быть аккурат-

Пройдут годы, и наши дети будут с бла- годарностью вспоминать о своем кураторе.

Мониторинг – педагог біліктілігін арттыру сапасын басқарудың негізгі механизмі

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның смдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 ің қатарына кіру стратегиясы» Қазақстан лқына жолдауында білім беру жүйесінің змұны мен ұйымдастыруындағы мемле- т үшін стратегиялық маңызы бар тәсілдер ықталған. «Бізге экономикалық және амдық жаңарту қажеттіліктеріне сай зіргі заманғы білім беру жүйесі қажет».

Білім беру үрдісін басқаруда әдістемелік умыс ең негізгі бөлік болып табылады. ның негізгі қызметі – педагогтардың кәсіби іліктілігін арттыру және диагностикалық, налитикалық, ақпараттық іс-әрекетін да- ыту.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ркениетті дүниеде өзіндік орнын алуы ілім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты. Оны жүзеге асы- руда мұғалім шығармашылығы мен ұзыреттілігінің мәні өте зор.

Еліміздің білім беру жүйесін жетілдіруде көзделіп отырған мақсаттардың ең негізгісі – әрбір жеке тұлғаға білім алудың өмірлік жолын еркін таңдауына мүмкіндік туғызу. «Мұғалім өз ісіне деген сүйіспеншілікті оқушыға сапалы білім берумен ұштастыра алғанда ғана шын мәніндегі мұғалім болмақ» деген екен бір ғалым. Сондықтан әр педагог әрбір баланың ойынан шығып, қажеттілігін қанағаттандыра білуге дай- ын болуы тиіс. Оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын ұстаз ғана бүгінгі қоғамның мүддесінен шыға алады.

Сапалы білім беруді тиянақты басқару мәселесі – әрбір мектеп үшін, әрбір

құру қажеттігі туып отыр. Білім беру сапасы – күрделі түсінік, ол оқушылардың біліктілік деңгейін қамтиды, сонымен қатар, олардың білімінің беріктігінің, тәжірибелік қабілетінің, таным-білу ынтасының қалыптасуының, дүниеге көзқарасының және жеке-дара қабілетінің жиынтығы. Ал бұлардың барлығы көптеген факторларға білім беру үрдісін, мек-

теп директорының басқару іскерлігіне, оқу ісінің меңгерушісінің ұйымдастыру біліктілігіне, мұғалімдердің әдістемелік шеберлігіне, олардың оқыту ісін тиімді ұйымдастыру тәжірибесіне байланысты. Соңғы уақытта білім стандартының талабымен оқыту үрдісін басқаруды дамытуда, нәтижелі бағалауда, оқушылардың үлгерімін мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін талдауда педагогикалық

оның құрылымы мен психологиялық ерекшеліктеріне қатысты. Бұл мониторинг жүйесі төменгі бағыттарда жүргізіледі.

Мұғалімнің жеке кәсіби өсу мониторингі педагогикада маңызды орын алады. Себебі, білім мен тәрбие беруде кәсіби өсу өте қажет. Келер ұрпақтың білімді болуына үлкен ықпал ететін бірден-бір фактор – кәсіби шеберлік. Сондықтан да мұғалімнің кәсіби өсу деңгейін уақытылы қадағалау – мониторингтің басты факторы болып саналады.

Мониторинг білім беруді басқарудағы әрекеттің тиімділігін көтеруге, басқару жүйесінің технологиялық негізі болуға және едәуір ауқымды, әртүрлі мәліметтерді қорытуға, білім беру процесін түзету, дәлдеу арқылы нәтижелерге жедел әсер ету қамтамасыз ететін, білім беру жағдайы туралы ақпараттарды нақты бе-

тиімділігі мен нәтижелілігі, оларды жетілдірудің деңгейі, дәрежесі;

білім беру бағдарламаларын білім алушылардың меңгеру деңгейі;

ұйымдастыру-педагогикалық жағдай мен педагогикалық технологиялардың оңтайлылығы, қолайлылығы;

оқу жоспарының білім беру стандартына сәйкестігі;

саралап оқыту, бейімдеу мен мамандандыруды жүзеге асырудағы мүлтіксіздік, жетілу мен кемелденуге жету;

Білім беру сапасының талдауы жеке білім беру сапасының сабақтастық позициясымен жүзеге асады.

Жалпы, мұғалімнің біліктілігін арттыруда мониторингтік зерттеу жұмыстарының орны ерекше. Мұғалімнің кәсіби өсу картасы педагогикалық мониторингтің зерттеу жұмыстары арқылы анықталып отырады.

Мектепте оқушыларды бағалау жүйесін өзгерту мәселесі қолға алынып, соған байланысты критериалды бағалау жүйесін мектеп бағдарламасына енгізу аясында мұғалімдердің біліктілігін арттыру жұмыстары жүргізілуде. Критериалды бағалау оқушылардың білімге деген қызығушылығының оянуына, белсенділіктерінің артуына көп септігін тигізеді. Жалпы, білім сапасын критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы дамытуға болады. Сондықтан да кез келген білім сапасын анықтау жұмыстарын жүйелеуде педагогикалық мониторинг маңызды рөл атқарады.

Меделбаева Жидегүл Қуаналықызы
«Өрлеу» «БАҰО» АҚ
Ақтөбе облысы бойынша ПКБАИ